

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 6 ақпандағы № 76 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Мақашұлы Жұманғаринге Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2026 жылғы 6 ақпандағы
№ 76 қаулысымен
мақұлданын
Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі (бірлесіп "Тараптар" деп аталады, ал жеке тиісінше "Үкімет" және "АИИБ" деп аталады)

Қазақстан Республикасы 2016 жылғы 27 қаңтарда ратификациялаған 2015 жылғы 29 маусымдағы Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі Келісімінің Баптарына (бұдан әрі – Келісімнің баптары) сәйкес Қазақстан Республикасы Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкінің құрылтайшы мүшесі болып табылатынын назарға ала отырып;

Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі (i) орнықты экономикалық дамуға жәрдемдесу, инфрақұрылымға және экономиканың басқа да өндірістік секторларына инвестициялау арқылы Азиядағы әл-ауқатты арттыру және инфрақұрылымдық байланыстарды жақсарту (ii) және басқа көпжақты және екіжақты басқа даму

институттарымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істей отырып, даму проблемаларын шешуде өңірлік ынтымақтастық пен әріптестікке жәрдемдесу мақсатында Келісімнің баптарына сәйкес көпжақты қаржы институты болып табылатынын ескере отырып;

өзара ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға, тереңдетуге және кеңейтуге ниет білдіріп, төмендегілер туралы келісті.

1-бап. Ынтымақтастықтың мақсаттары мен салалары

1.1. Осы Келісім АИИБ саясаты мен рәсімдеріне сәйкес Қазақстанның дамуының басым қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін осы Келісімнің қолданылу аясына кіретін, Қазақстан Республикасында АИИБ қаржыландыратын операцияларды дайындауға және жүзеге асыруға жәрдемдесуге бағытталған.

1.2. АИИБ қызметі Үкіметтің инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру жөніндегі күш-жігерін қолдауға бағытталған. Қызметтің негізгі бағыттары мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1.2.1. экологиялық орнықты, климаттың өзгеруіне төзімді болып табылатын және климаттың өзгеруінің салдарын жұмсартуға және оларға бейімделуге ықпал ететін инфрақұрылымдық жобаларды ілгерілету және қаржыландыру үшін "жасыл инфрақұрылым", атап айтқанда, жел және күн энергиясы және олармен байланысты энергияны сақтау жүйелері сияқты жаңартылатын энергия көздерін дамытуға жәрдемдесуге баса назар аудара отырып, электр энергиясын өндіру, беру және тарату жөніндегі жобаларды, энергия тиімділігін арттыру жобаларын, сумен жабдықтау және кәріз бен тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу жобаларын, теміржол сияқты көлік инфрақұрылымы, парниктік газдар шығарындыларын азайтатын метро және электр көлігі жүйелері және климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыратын автомобиль дәліздерін жетілдіру жобаларын және метан шығарындыларын азайтатын жобаларды қоса алғанда;

1.2.2. көлік, энергетика, цифрлық байланыстар сияқты түрлі секторлардағы байланыстарды жақсартатын инфрақұрылымдық жобалар арқылы Қазақстан ішіндегі және одан тыс жерлердегі байланыстарды жақсартуға, өңірлік ынтымақтастыққа жәрдемдесуге бағытталған байланыстар мен өңірлік ынтымақтастық;

1.2.3. цифрлық инфрақұрылым, ақылды қалалар және озық көлік жүйелері сияқты инфрақұрылымдық жобаларға инновациялық технологияларды әзірлеу мен енгізуді қолдауға бағытталған технологиялық инфрақұрылымды қолдауға басымдық берілетін операциялар;

1.2.4. инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру үшін жеке капиталды жұмылдыруға және қажет болған жағдайда жеке сектордың қатысуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған операциялар.

3. Тараптар осы баптың 2-тармағында аталған қызметтің негізгі бағыттарына сәйкес келетін, орнықты дамуға ықпал ететін және Қазақстан Республикасының экономикалық

дамуы мен әл-ауқатына үлес қосатын инфрақұрылымдық жобалар арасындағы басымдықтарды бірлесіп айқындайды.

2-бап. Іске асыру тетіктері

2.1. Үкімет инвестициялық жобаларды/бағдарламаларды Тараптардың келісілген басымдықтарына және осы Келісімге сәйкес дайындайды.

2.2. Тараптар Қазақстанда АИИБ жұмылдырған және АИИБ әкімшілендіретін қаражат пайдаланылатын жобаларды/бағдарламаларда қоса алғанда, АИИБ қаржыландыратын барлық инвестициялық жобалар/бағдарламалар, оның ішінде осындай инвестициялық жобалар/бағдарламалар үшін жасалған тиісті заң келісімдерінің ережелері мен шарттарына және атап айтқанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті және тыйым салынған практикаларды, іріктеуді, қаржыны басқаруды, ақпаратты ашуды, тауарларды, жұмыстарды, консультациялық және консультациялық емес көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, экологиялық және әлеуметтік стандарттарды, сондай-ақ Келісімге сәйкес АИИБ мезгіл-мезгіл қабылдауы мүмкін басқа да саясат пен талаптарды қоса алғанда, АИИБ қолданатын саясат пен талаптардың ең соңғы нұсқаларын қамтуға тиіс қарыздар және/немесе гранттар туралы тиісті ережелерге сәйкес дайындалып, іске асырылатынымен келіседі.

3-бап. Келісімнің күшіне енуі, қолданысын тоқтату, өзгерістер енгізу және дауларды шешу

3.1. Осы Келісім АИИБ дипломатиялық арналар арқылы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы Үкіметтің жазбаша хабарламасын алған күннен бастап күшіне енеді.

3.2. Осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын және осы баптың 3.1-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енетін жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың өзара келісімі бойынша енгізілуі мүмкін.

3.3. Осы Келісім 10 жыл мерзімге жасалады, егер Тараптардың ешқайсысы екінші Тарапты он жылдық мерзім аяқталғанға дейін кемінде алты (6) ай бұрын оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша нысанда дипломатиялық арналар арқылы хабардар етпесе, мерзімі аяқталғаннан кейін оның қолданысы автоматты түрде белгіленбеген кезеңге ұзартылады. Осы Келісімнің қолданысы автоматты түрде ұзартылған жағдайда Тараптардың әрқайсысы кез келген уақытта дипломатиялық арналар арқылы оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жібере алады. Осындай хабарламаны алған күннен кейін отызыншы (30) күні осы Келісім өз қолданысын тоқтатады.

Келісімнің қолданылуын тоқтату АИИБ қаржыландырып отырған, іске асырылып жатқан инвестициялық жобаларға/бағдарламаларға қатысты жасалған заңды келісімдердің және Тараптар арасында осы Келісім шеңберінде жасалған басқа да заңды келісімдердің шарттарына әсерін тигізбейді.

3.4. Осы Келісімдегі ешнәрсе Тараптардың қолданыстағы халықаралық шарттарда көзделген қандай да бір артықшылықтары мен иммунитеттерінен айқын немесе болжамды бас тарту болып саналмайды.

3.5. Тараптар арасында осы Келісімді іске асыру шеңберінде туындайтын кез келген дау бейбіт жолмен реттелуге тиіс. Егер мұндай дау бір Тараптың реттеу туралы жазбаша өтініші екінші Тарапқа берілген күнінен бастап алты (6) ай ішінде бейбіт жолмен реттелмесе, көрсетілген талаптар үш төрешіден тұратын төрелік соттың қарауына беріледі:

(i) мұндай төреліктің тараптары бір жағынан Үкімет, екінші жағынан АИИБ болуға тиіс;

(ii) төрешілердің бірін Үкімет тағайындайды, екіншісін АИИБ тағайындайды, ал үшіншісін, егер Тараптар өзге келісімге келмесе, БҰҰ Халықаралық сотының Президенті тағайындайды;

(iii) мұндай төреліктің тараптары өзгеше уағдаласпайтын жағдайларды қоспағанда, төреліктің орны Гаага, Нидерланды болып табылады;

(iv) төрелік процесте қолданылатын тіл – ағылшын тілі;

(v) төрелік сот Келісім баптарының ережелерін, сондай-ақ Тараптар үшін міндетті заңды күші бар кез келген тиісті шарттық міндеттемелерді қолданатын болады.

3.6. Тараптар осы Келісім шеңберінде көзделген негізгі бағыттар мен іс-шаралар бойынша ынтымақтаса отырып, даму жөніндегі басқа әріптестермен және мүдделі тараптармен кең ынтымақтастықты жүзеге асыра алады. Осындай ынтымақтастық процесінде Үкімет әрқашан Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы халықаралық шарттарына сәйкес әрекет ететін болады.

3.7. Осы Келісімге қатысты ақпаратты ашу Тараптардың саясатына және құпия ақпаратқа қол жеткізу туралы қолданылатын заңнамаға сәйкес және Тараптардың тиісті саясаты рұқсат еткен шекте және ақпаратқа қол жеткізу туралы қолданылатын заңнама шегінде жүзеге асырылады.

3.8. Кез келген хабарлама немесе сұрау салу осы Келісімге сәйкес жазбаша нысанда ресімделеді және олар жеке өзі, пошта немесе электрондық пошта арқылы мына мекенжайлар бойынша жеткізілген кезде тиісті түрде жіберілген болып есептеледі:

Үкімет үшін:

Асан Дарбаев мырза

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі.

Мекенжайы: Мәңгілік ел, 8, Астана, Қазақстан Республикасы.

Электрондық пошта: info@economy.gov.kz.

АИИБ үшін:

Цзя Цао ханым

клиенттермен жұмыс жөніндегі маман.

Мекенжайы: Азия қаржы орталығы, Тяньчэнь Ист Роуд, 1-үй, Чаоян ауданы, Пекин, 100101, Қытай Халық Республикасы.

Электрондық пошта: jia.cao@aiib.org.

____ 2026 жылғы " __ " _____ қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтін бірдей теңтүпнұсқалы болып табылады. Осы Келісімді түсіндіруде алшақтық болған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Азия Инфрақұрылымдық
Инвестициялар Банкі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК